



Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы
негізінде ата-аналарды оқытудағы
инновациялық тәсілдер



Жоспар:



1. Андрагогика – ересектерді оқыту ерекшеліктері туралы ғылым
2. Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық ағартуға дайындау бойынша педагогтермен әдістемелік жұмыстың мазмұны
3. Инновациялық тәсілдер. Интерактивті әдістер
4. Практикалық іс-әрекет
5. Педагогтердің позитивті тәрбие беру мәдениетін дамытуға дайындығын қалыптастыру



Андрогогика (грек тілінен аударғанда «*андрос*» «ересек адам», ал «*агогейн*» — «жетелеу») дегенді білдіреді) – ересектерді оқытудың ерекшеліктері туралы ғылым.

1970 жылға қарай М. Ш. Ноулздың ғылыми еңбектерінің арқасында қалыптасты


Ересектерді оқыту психологиясы баланы оқытудан несімен ерекшеленеді?

Ересектер мен балаларды оқытудағы айырмашылықтар (М. Ш. Ноулз)

Ерекшеліктері	Педагогика	Андрогогика
Оқытушының рөлі	Оқытушы оқу процесін басқарады, қатысушылар оған толығымен тәуелді	Қатысушылар тәуелсіз, оқу форматы мен принципін өздері таңдайды, оқытушы оларға көмектеседі және бағыттайды
Оқыту фокусы	Зейін тақырыптың өзіне және оның мазмұнына бағытталған, мақсаты-материалды есте сақтау	Зейін шешуге көмектесетін тапсырмаға немесе мәселеге бағытталған
Оқытуды ынталандыру	Дамудың келесі кезеңіне өту, сыртқы мотивация	Нақты бір мақсатқа жету дағдысын алу, ішкі мотивация
Алдыңғы тәжірибе	Алдыңғы тәжірибе аз, ол оқуға әсер етпейді	Алдыңғы тәжірибе бар, ол ересектерді оқытуға қатысады

Ересектерді оқыту принциптері (М. Ш. Ноулз)

Саналы ұғыну




Өз тәжірибесінің
болуы

Дербестік

Білімді қолдануға
бағдарлау

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ ПРИНЦИПТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНУ



Ата-аналар үшін қандай мотивтер мен факторлар шешуші болып табылады?

Ата-аналарды ағартуға не түрткі болуы мүмкін?

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МҮМКІНДІГІНШЕ ИКЕМДІ БОЛУЫ КЕРЕК.

Өз тәжірибесінің болуы

жаңа ақпарат

өмірлік тәжірибе

Егер жаңа ақпарат бұрыннан бар тәжірибемен **тоғысса**, онда ассоциативті байланыстар тезірек қалыптасады, адам **білімін тереңдетіп, шеберлігін арттырады.**



Егер жаңа ақпарат өткен тәжірибеге **қайшы келсе**, «қатысушы» **өзінің мінез-құлқын өзгерту** қажеттілігіне көз жеткізуі керек.

Сабақтың негізгі формалары: нақты есептерді шешу, іскерлік ойындар, тренингтер.


ПЕДАГОГТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, ЖАҢА БАЙЛАНЫСТАР ОРНАТУ ЖӘНЕ БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІН БЕКІТУ ҮШІН ОНЫ ТЕРЕҢДЕТУ МАҢЫЗДЫ.

БІЛІМДІ ҚОЛДАНУҒА БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРУ

Ересектер дағдыларды қалыптастыруға үйренеді

Оқудың негізінде іс-әрекеттік тәсілдеме

Сабақтың теориялық бөлігі көмекші рөл атқарады және дағдының қалыптасуының бірінші кезеңіне ғана жауап береді



оқыту практикалық тапсырмаларға бағытталған болуы тиіс

Оқыту мүмкіндігінше нақты міндеттерге жақын болуы керек : «білім алушы» кездескен немесе кездесетін кейстерді талдау және жағдаяттардың мысалдары.

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Адамдардың типтері (П. Хани и А. Мамфорд)

белсенділер

ойшылдар

теоретиктер

прагматиктер

Тәжірибе

жаңа тәжірибе алу, ескісін жаңарту

Түсіну

білімді жалпылау, алынған тәжірибені құрылымдау

Теория

жаңа тақырып бойынша теориялық идеяларды қалыптастыру

Қолдану

теориялық тұжырымдамаларды практикада тексеру

Сабақта әртүрлі стильдерді ұнататын қатысушылар болуы мүмкін, сондықтан оқу бағдарламасына барлығына тартымды болатын тапсырмаларды қосу керек.

- білімнің жетіспеушілігін көрсететін **іскерлік ойындар** (мінез-құлық үлгілері), пікірталастар немесе жаттығулар;
- онлайн формат: тәжірибеге бағытталған сұрақтар, кейстерді шешу, тыңдаушылардың өміріндегі жағдаяттар

- **ашық сұрақтар** (алдыңғы кезеңнің нәтижелері қаншалықты тиімді);
- онлайн формат: кері байланыс арқылы жағдаятты модельдеу

- **презентация, сторителлинг, мысалдар** (білім мен алынған тәжірибе арасындағы ассоциативті байланыстар);
- онлайн формат: кері байланыс арқылы жағдаятты модельдеу

- әр теориялық блоктан кейін **практикалық жаттығулар** (жаңа тәжірибе қалыптасады);

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

ІС-ӘРЕКЕТТІК ТӘСІЛДЕМЕ

Ересектерді оқытуда жетекші қажеттіліктерге, **жеке тәжірибеге, білім алушының жеке басының өзекті даму деңгейіне** және оның жақын **өзін-өзі дамыту аймағында білім беру** процесін құруға бағдарлану болып табылады.

«іс-әрекеттен білімге» принципіне

Білім алушының іс-әрекеті маңызды мәселелерді шешу үшін қажетті нақты білімді, дағдыларды игеруден тұрады.

*Педагогтің қызметі білім алушыға қажетті білім мен біліктерді, дағдылар мен қасиеттерді іріктеуде **көмек көрсетуге** дейін азаяды.*

ПЕДАГОГТЕРМЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС ФОРМАЛАРЫ

дәрістер, конференция

әдістемелік кеңес, зерттеу жұмыстары

шеберлік сыныбы, тренингтер

семинарлар, практикалық семинарлар

өзара оқыту, шеберлік сыныптар



ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Топтық жұмысқа
арналған
платформа



:Padlet

QR-кодты
сканерлеңіз



Есіңізге саламыз! Оқыту формасы оқу процесінің ұйымдастырушылық және уақытқа байланысты қырын, ал оқыту әдістері оның үдерістік, әдістемелік қырын көрсетеді.

Ата-аналарды жаңаша форматта қалай оқытамыз? Оқу мақсатына қалай жетеміз?



Тапсырма: Төмендегідей интерактивті әдістерді атаңыз: <https://padlet.com/shailanovyerbolat97/padlet-5yetib1ph81tjipn>

I топ

...қатысушылар жақсы көретін әдіс

II топ

...ұзақ уақыт дайындықты қажет етпейтін әдіс


III топ

...қатысушылар үшін қызықсыз әдіс

IV топ

...жиі еститін, бірақ қолданбайтын әдіс

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ



Барлық қатысушылардың оқыту процесімен қамтылуы




Білім және идеялармен үздіксіз алмасу



Әр білім алушыға ықпал ету



Материалды эффективті меңгеруіне ден қою



Білім алушылардың жеке пікірін және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыру



Кері байланыс

Оқытудың интерактивті әдістердің түрлері

- ✓ Бассейн
- ✓ Вебинар
- ✓ Дебат
- ✓ Іскерлік ойындар
- ✓ Дискуссия

- ✓ Имитациялық ойындар
- ✓ Интерактивті (мәселелі) лекция
- ✓ Интервью
- ✓ Дөңгелек үстел
- ✓ Провакациялық лекциялар

- ✓ Мастер-класс
- ✓ Кейстер әдісі
- ✓ Портфолио әдісі
- ✓ Жобалау әдісі
- ✓ Миға шабуыл

- ✓ Кіші топтармен жұмыс
- ✓ Сократтық диалог
- ✓ «Позициялық ойындар»
- ✓ «ПОПС-формула»

Ешқандай әдіс 100 пайыз тиімді бола алмайды

Оқытудың интерактивті әдістері

Топтық

Жеке

Практикалық тапсырмаларды орындау
Жаттығулар

Дискуссиялық

Ойын

Тренинг әдістері

- Топтық дискуссия
- Жағдаятты талқылау
- Тәжірибелік жағдаяттарды талқылау («кейстер» әдістері)
- «Миға шабуыл»
- Тұсаукесер (Презентация)
- Талқылау
- Дебат

- Рөлдік ойын
- Ұйымдастырушылық, белсенді әрекетке бағытталған ойындар
- Сюжеттік-рөлдік ойындар
- Дидактикалық ойындар т.б.

- Әлеуметтік- психологиялық тренингтер
- Іскерлік қарым-қатынас тренингтері
- Психотехникалық ойындар



Оқытудың интерактивті әдістерін сабақ құрылымына енгізу нұсқасы

Сабақтың басталуы- старт (білімді өзектендіру)

«Миға шабуыл»
(жеке, жұптық,
топтық, фронтальды)

Синквейн
(«Шығыс
өлеңдері»)


Хук (Астарлы
әңгімелер, ойындар)

Шығармашылық үй
тапсырмасын талқылау


Кластерлер



Мағыналық кезең – жаңа ақпараттар беру (білімге жеке қол жеткізу, бір-біріне қолдау көрсету)



Рефлексия – кері байланыс



Сабағымыздың теориялық бөлімін қорытындылайық

1 минут ішінде сабақтың тақырыбына байланысты, төменде көрсетілген сөз таптарына жататын бірнеше сөз жазып көріңіз



Етістік

Зат есім

Сын есім

Үстеу


КЕЙС ӘДІСІ

Нақты жағдайлар әдісі – нақты мәселелерді – жағдайларды шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді проблемалық-ситуациялық талдау әдісі (жағдайларды шешу).

Әдістің мақсаты: топтың бірлескен күш – жігерімен нақты жағдайды талдау, практикалық шешім әзірлеу; процестің аяқталуы-ұсынылған алгоритмдерді бағалау және қойылған мәселе тұрғысынан ең жақсысын таңдау.

Әдістемелік ұсыным
«МЕТОДЫ И ФОРМЫ
ОРГАНИЗАЦИИ УЧЕБНОГО
ПРОЦЕССА В СИСТЕМЕ
ОБУЧЕНИЯ ВЗРОСЛОГО
НАСЕЛЕНИЯ»





"Кейс-стади" әдісін қолдана отырып, ситуациялық оқытуды жобалау алгоритмі:

Бірінші кезеңде

нақты проблемалық жағдайдың моделі жасалады (өмір мен іс-әрекеттің нақты жағдайлары негізінде), ол тыңдаушы меңгеруі керек білім, дағдылар мен қабілеттердің көлемін көрсетеді. Бұл модель ақпарат банкі ұсынады – оқу материалының пакеті (көлемі 40 бетке дейінгі мәтін: проблемалық жағдайдың сипаттамасы, басқа салалар мен қызмет салаларындағы ұқсас, бірақ қарапайым жағдайларды шешуге арналған аналитикалық материал; жағдайларды талдаудың схемалары мен әдістемелері; қысқартылған түрдегі оқулық материалы және т.б.).

Үшінші кезеңде

мәтінді егжей-тегжейлі талқылау жүзеге асырылады. Мұғалім жетекші және кеңесші ретінде әрекет етеді. Қажет болса, ол қосымша ақпарат ұсынады, проблемалық сұрақтар қояды, жауаптарды тақтаға бекітеді.

Бесінші кезеңде

әдетте, ситуациялық рөлдік ойын өткізіледі. Бұл оның қатысушыларына проблемалық жағдайды эмоционалды түрде бастан кешіруге, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде

тыңдаушыларға тапсырма беріледі және олар дәріс материалдарына, рефераттарға, анықтамалық, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге жүгіну арқылы істің мазмұнын зерттейді.

Төртінші кезеңде

тыңдаушылар проблеманың негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге және оны шешу жолдарын анықтауға тырысады, идеялар табады.

Алтыншы кезеңде

ойынға рефлексия жасалып, қорытындысы шығарылады



ВОРКШОП

- ❑ Воркшоп-бұл қарқынды оқу іс-шарасы, онда қатысушылар ең алдымен өздерінің белсенді әрекетінің арқасында білім алады.
- ❑ Назарға қатысушылардың өз бетінше білім алуы және интенсивті топтық өзара әрекеттесуі алынады.
- ❑ Динамикалық білім алуға акцент қойылады.
- ❑ Қатысушылар оқу мақсаттарын өздері анықтайды.
- ❑ Мұғаліммен бірге оқу процесінің табысты өтуіне жауапкершілікті бірге алады.



Воркшопты жоспарлау

Жалпы мақсаттар, нәтижелер. Сіздің неге қол жеткізгіңіз келеді? Сіздің ойыңызша қатысушылар неге қол жеткізгісі келеді?

Оқу іс-шарасы. Оқытудың қандай әдістері мен техникаларын қолдана аласыз? (Интерактивті ойындар, эксперименттер, рөлдік ойындар, жобалау, белендіру, топтық бірлескен ойындар және т.б.)

Уақытты жоспарлау. Воркшопты өткізуге сіздің құзыретіңізге қанша уақыт бар? Оны қалай тиімді өткізуге болады? Түскі асқа үзіліс жасайсыз ба? Кеші сабақ болады ма? Таңғы жұмыс нешеде басталады?

Тақырыптық жоспарлау, оқу мақсаттыр. Қандай тақырыптар туралы сөз қозғайсыз? Тақырыптармен қандай реттеліпен жұмыс жасайсыз? Тақырыптық жоспарлауға қатысушылар қалай үлес қосады?

Сіздің жеке үндеуіңіз. Жұмыс барысында неге баса мән бергіңіз келеді? Қандай жаңа перспективалар, идеялар мен дағдылар сіз үшін маңызды? Сіз қатысушылардың тәжірибесімен қалай байланыс орнатасыз? Қандай сәтте жаңа нәрселерді қатысушыларға ұсынасыз?

Қатысушылардың ерекшеліктері. Воркшопқа қай мамандық өкілдері негізінен қатысады? Топ мүшелерінің ортақ тұстары қандай? Олар немен ерекшеленеді? Олар өздерімен бірге қандай тәжірибе әкеледі?

Ресурстар. Сізге қандай техникалық ресурстар қажет? Сіз басқа қалаға шығуды жоспарлап отырсыз ба? Сіз қонақтарды шақырасыз ба?



"ПЕЧА-КУЧА" ФОРМАТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚОРҒАУ

Печа-куча (яп. পেচ্যকুচ্য, әңгімелесу) — нысаны мен ұзақтығы бойынша арнайы шектелген баяндамалар мен презентацияларды ұсына отырып, іс-шараларды өткізу нысаны. Бейресми конференциялар PechaKucha Nights деп аталады.

Баяндамашы 20 слайдтан тұратын баяндама-презентацияны ұсынады әр слайд 20 секунд көрсетіледі, содан кейін ол автоматты түрде келесі слайдқа ауыстырылады. Осылайша, баяндаманың ұзақтығы 6 минут 40 секунд немесе 6 минутпен шектеледі. Баяндамалар бірінен соң бірі жүреді, баяндамалар саны әдетте 8-ден 12-ге дейін өзгереді



20 СЛАЙД



6 МИНУТ 40 СЕКУНД



20 СЕКУНД

РЕФЛЕКСИЯ



Шеңберге тұрыңыз. Ережелер келесідей. Допты команданың басқа мүшесіне лақтырған кезде, оны жоғары лақтырып, лақтырмас бұрын сұраңыз: "сіз соңғы кездесуде не білдіңіз?" Допты ұстаған адам үйренген және түсінген нәрсені атауы керек. Оған асудың қажеті жоқ, ойын аптықпай жеткізуге болады. Содан кейін допты басқа қатысушыға лақтырыңыз. Доп қағып алған адам ғана сөйлей алады. Допты жақын көршілеріңізге лақтырмаңыз (тек сізден алыс тұрған қатысушыға лақтырыңыз) (3 минут). Екінші «айналымда» қатысушылар бір-бірінен түсінбегендері туралы сұрайды (2 минут). Үшінші айналымда қатысушылар бір-бірінен сабақта не ұнағаны туралы сұрайды (2 минут).


ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ПІКІРТАЛАС:

АТА-АНАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАТЫСУЫ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?
Отбасының, мектептің, жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік серіктестігі позитивті ата-ана мәдениетін дамытуға әсер ете ме?

АТА-АНАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Оқытуға қолайлы үй ортасы, мадақтау және қолдау, жоғары үміттер және ата-аналардың мектеп өміріне қатысуы әлеуметтік, ұлттық, мәдени және экономикалық негізге қарамастан балалардың білім беру нәтижелеріне пайдалы әсер етеді.

66 зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, Ф.Хендерсон мен Н. Берла отбасы ерте балалық шақтан бастап орта мектепке дейінгі балалардың жетістіктеріне негізгі үлес қосады деген қорытындыға келді




АТА-АНАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАТЫСУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ




ЖЕТІСПЕУШІЛІК МОДЕЛІ

Мектеп отбасы бере алмайтын нәрсенің орнын толтыруға арналған



АЙЫРМАШЫЛЫҚ МОДЕЛІ

Отбасы мен мектеп – бір-бірінен мүлде бөлек, бір-бірімен сәйкес келмейтін екі кеңістік



МҮМКІНДІКТЕРДІ КЕҢЕЙТУ МОДЕЛІ

Ата-аналар баланың дамуы мен тәрбиесінің негізгі көзі ретінде қарастырылады

Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық ағартуына шығармашылық одақтарды тарту формалары



- ❖ Ата-ана құзыреттілігін арттыру
- ❖ Күрделі мәселелерді шешуде қолдау (балаларды тәрбиелеуде қиындықтарға тап болған ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау)
- ❖ Білім беру бағдарламаларын құру (ата-аналарға білім берудің бірегей креативті тәсілдерін іске асыру)
- ❖ Жұртшылықтың назарын аудару (жағымды бейнелер жасау)
- ❖ Өзара тиімді серіктестік (аудиторияны кеңейту және әлеуметтік әсерді күшейту)
- ❖ Іс-шаралардың мысалдары: суретшілердің қатысуымен ата-ана дағдылары бойынша шеберлік сыныптары, тәрбие мәселелерін талқылайтын әдеби кештер, шығармашылық тәсілдерге негізделген ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер және т.б.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АҒАРТУЫНА БІЛІКТІ САРАПШЫЛАРДЫ ТАРТУ

Семинарлар мен шеберлік сабақтары

Ата-аналар клубтары мен қолдау топтары

Баланың тәрбиесіндегі немесе мінез-құлқындағы нақты мәселелерді шешуге арналған жеке кеңестер

Онлайн ресурстар (мақалалар, бейне сабақтар, аудио материалдар және тесттер)

Ата-аналарға білім беру бағдарламалары

Медициналық мекемелермен және психологиялық орталықтармен ынтымақтастық

Отбасылық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін қолдау ортасын құру



**Бала бойына тек жақсы дүниелерді
сіңіріңіз**

Ата-аналар үшін бала
бойына жақсы дүниелерді
сіңіру неге маңызды деп
ойлайсыз?

Бүгінгі таңда:

- бала мен ата-ананың мақсаттары арасында;
- баланың нақты мүмкіндіктері мен ата-анасы күтетін үміттің арасында;
- баланың қызығушылығы мен оқу әрекеті арасында қайшылықтар бар.

Мұндай жағдайда мәселені шешудің бір жолы баламен сөйлесу, яғни диалог

- дамытушы диалог - дамудың әмбебап құралы;
- дамытушы диалогтың басты сипаты балаларымызбен қарым-қатынастағы ниетіміздің, көңіліміздің, ойымыздың тазалығымен анықталады;
- мәселелердің шешімін табу - қарым-қатынаста диалог құралын жүйелі пайдалану шартымен ғана жүзеге асырылады;
- өзара құрмет, сыйластық, сенім, махаббат болмаса кез келген диалогтың мәні болмайды.



*Мартин Селигман,
американдық психолог,
позитивті
психологияның негізін
қалаушы*

ПОЗИТИВТІ АТА-АНАНЫҢ БОЛУДЫҢ МӘНІН ТҰЖЫРЫМДАҢЫЗ

«Позитивті ата-ана» ұғымы позитивті психологиядан бастау алады. Белгілі американдық психолог, позитивті психологияның негізін қалаушылардың бірі Мартин Селигман өз кітабында оны адамға **жағымды әсер етуді** зерттеуге итермелеген негізгі оқиғалардың бірін сипаттайды. Бұл оқиға кішкентай қызымен әңгіме болған.



Селигман бұл әңгіме оған аян болғанын жазған. Ол қызының айтқаны дұрыс екенін мойындады және **ата – ана тәрбиесі қателерді, кемшіліктерді және ауытқуларды түзету емес** деген қорытындыға келді. Бала мұны өзі жасауды үйренуі керек, ал ата-ананың мақсаты ол көрсеткен ішкі күштерді дамытып және қолдау болуы керек. Дәл осындай ішкі күштер сіздің балаңыздың жолында кездесетін барлық әлсіздіктер мен өмірлік дауылдарға қарсы ең жақсы тосқауыл болады.

ПОЗИТИВТІ АТА-АНА БОЛУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІ



Позитивті ата-ана болудың қағидалары мен ережелері дегеніміз не?

Тәрбие қағидасы - ата-ана баламен қарым-қатынасқа негізделген сенім. Қағида нақты нормалар, нақты білім беру міндеттерін шешу әдістері мен ережелері арқылы жүзеге асырылады.

Топтық жұмыс

ЗАДАНИЕ. Берілген қағида туралы түсінігіңізді тұжырымдаңыз. Сіз қандай жағдайларда осы қағиданы ескересіз? Сіз түсіндіретін қағиданы жүзеге асыратын бір ережені тұжырымдаңыз.

1. қағида. Басқалардан ерекшелену қалыпты жағдай.
2. қағида. Барлық адамдар қателеседі.
3. қағида. Жағымсыз эмоцияларды көрсету қалыпты жағдай.
4. қағида. Келіспеушілікті білдіру қалыпты жағдай.



Неліктен бұл қағидалар позитивті ата-ана болудың жетекші идеялары болып табылады?

«Баланың күшті жақтары: оларды көруді қалай үйренуге болады» жұптық жұмысы

Жұптық жұмыс

Бір-біріңізге: Сіздің қолыңыздан жақсы келетін, үнемі оны шыңдайтын және сол арқылы басқа адамдарға қуаныш сыйлайтын бір іс/қабілетіңіз жайлы айтып беріңіз. Осындай сәттерде сіз өзіңізді қалай сезінесіз?



Күшті жақтарды күнделікті мінез-құлықтан ажырата біліңіз, яғни адам бір нәрсені жақсы істей алады, бірақ ол оған қуаныш әкелмеуі мүмкін.

Балаңыздың күшті жақтары туралы:

- ✓ баланың қолынан бір нәрсе жақсы келеді;
- ✓ бұл әрекет балаға күш-қуат береді;
- ✓ бала бұл әрекетке жиі жүгінеді, күшті жақтары уақыт өте келе айқын көрінеді;
- ✓ айналасындағылар әдетте бұл әрекетті мақұлдайды және күшті жақтарын көрсеткені үшін ризашылық білдіреді.

Рефлексия

Сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Сізге бүгінгі дәріс ұнады ма?
2. Сабақтың мәні неде?
3. Дәріс барысында қандай қиындықтар болды?
4. Алдағы уақытта жүзеге асыратын жаттығуды белгіледіңіз бе?

- ❖ Ата – ана сияқты мұғалім болу – бұлда өнер.
- ❖ Есіңізде болсын, мінсіз адамдар жоқ. Көмек сұрауға және жетіспейтін ақпаратты іздеуге қымсынбаңыз.
- ❖ Істеріңізге сәттілік тілейміз